

**Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің "Мемэнергиясараптама"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 91 қаулысы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің K941000_45-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің "Мемэнергиясараптама"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны, жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз
қатысуымен, оны "Қазақэнергиясараптама" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі -
Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 3

қ а ң т а р д а ғ ы

N 9 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және
ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан
Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-62-жолмен толықтырылсын:

"123-62 "Қазақэнергиясараптама" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымша:

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 262-жолмен толықтырылсын:

"Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетіне 262 "Қазақэнергиясараптама" ЖАҚ".

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 791 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**